

**ҚР АШМ СРК «Қазсушар» ШЖҚ РМК
Алматы филиалының Көксу өндірістік учаскесі
бойынша 2017 жылдың жылдық есебі.**

Алматы филиалы РМК «Қазсушар» Көксу өндірістік учаскесі 2018 жылы 11 сәуір сағат 16:00 де Көксу ауданы Балпық би ауылы Айтеке би көшесі 14 мекенжайы бойынша 2017 ші жылдың қортындысы бойынша жария тыңдау өткізді.

Жария тыңдауды жиын төрағасы Көксу өндірістік учаскесінің басшысы ашты.

Ол тыңдаудың мақсат міндетін жариялады, күн тәртібін жариялады және тыңдауларды өткізу тәртібін ұсынды.

Филиал басшысы Н.Кожакпанов кәсіпорынның 2017 жылғы жұмысының қортындысы туралы баяндама жасады.

ҚР ҰЭ Министрінің 2014 жылғы 18 желтоқсандағы №150 бұйрығына сәкес «Табиғи монополиялар субъектісінің реттелу туралы көрсетілетін қызметтері бойынша тұтынушыларға және өзге де мүдделі тұлғалардың қызметінің жыл сайынғы есепті ақпараты» Ереженің 13-тармағымен белгіленген басшының баяндамасында мәлімет ұсынылған.

Көксу өндірістік учаскесі ҚР АШМ СРК «Қазсушар» РМК Алматы филиалының құрылымдық бөлімшесі болып табылады. Көксу өндірістік учаскесінің негізгі қызметі сумен қамтамасыз ету объектілерін ұстау, пайдалану және каналдар арқылы суару суын жеткізу болып табылады.

Көксу ауданның суармалы жерінің жалпы аумағы **24 771 га** құрайды, оның ішінде пайдаланылатыны – **13 883 га**. Көксу өндірістік учаскесі қызмет көрсетеді; 13-магистралды арнаға, 33-бөлгіш арнаға, 5-гидроузелге, 13-ішкішаруашылық арналарға. Жалпы каналдардың ұзындығы **702 км**.

Көксу ауданына **140 524 мың м3** су көзінен арнайы су пайдалануға номері; KZ52VTE00001099 «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылық Министерлігі суды қорғау және пайдалануды реттеу Балхаш-Алакөл бассейн инспекциясынан» 17.08.2017 жылы **Рұқсат** алынды. Каналдар арқылы **1 м3 су беру қызметі** 06.05.2016 жылы №100-НҚ уақытша өтемақы беру бұйрығы бойынша 01.07.2016 -01.07.2017ж дейн **0,37тг/м3** (ҚҚС қоспағанда) тарифымен жұмыс істеді, 02.05.2017жылы №120-НҚ уақытша өтемақы беру тарифы бойынша 01.07.2017-01.09.2017ж дейн **0,459 тг/м3** (ҚҚС қоспағанда) тарифымен жұмыс істеді, 17.07.2017 ж №40-нк бұйрығы бойынша тарифтің шекті деңгейімен қызмет көрсетуде 01.09.2017-01.09.2018ж дейн **0,592 теңгені** (ҚҚС қоспағанда) құрады. Көксу өндірістік учаскесі 2017 жылы үш тариф бойынша қызмет көрсетті.

Инвеститциялық бағдарлама бойынша алынған негізгі құралдар;

1. «Оптикалық нивелир» - **97,00 мың теңге**
2. «Екі жақты телескопиялық алюмини рейка» – **13,60 мың теңге**
3. «Болат полимерлі жабыны бар рулетка» - **12,00 мың теңге**
4. «Компьютер» - екі дана – **378,00 мың теңге**

5. «Принтер көп функционалды құрылғы» - **113,75 мың теңге**
6. «Компьютер столы» - **28,20 мың теңге**
7. «Кресло» - **18,06 мың теңге**
8. «Орындықтар» екі дана – **5,78 мың теңге**
9. «Күрделі жөндеу» - **2 256,30 мың теңге**

Мемлекеттік сатып алу есебінен **141,95** мың теңге үнемделді. Межевой арнасына күрделі жөндеу жұмыстары жинақтау жолымен 2018 ші жылы жасалынады. Инвестициялық бағдарлама амортизациялық аударымдар есебінен орындалады. 2017 жылғы инвест бағдарлама 100 % ға орындалды.

Көксу өндірістік учаскесі бойынша 2017 жылға **89 963,226 мың м3** көлемінде су жеткізілді. Суды уақытылы және толық көлемде жеткізіп беру қызметінің табысы **38 773,08 мың теңгені** құрайды. Көксу өндірістік учаскесі 2017 жылы **1 311,39 мың теңге** шығынға батты. Себебі; уақытша өтемақы тағайындалды.

2017 жылы су пайдаланушыларымен **953 келісім шарт** жасалып, 89 963,226 мың м3 су берілді. Ол жоспарланған көлемді 100% орындалған.

2017 жылдың қорытындысы бойынша Көксу учаскесінің алдында шаруа қожалықтардың қарызы жоқ.

Бүгінгі таңда жанар-жағар май, тынайтқыш, жерді жырту, өнімді жинау қызметтердің құны неше есе қымбаттағанымен, ауыл шаруашылық дақылдарына су жеткізіп беру қызметінің тарифі, өнімнің өзіндік құны үлесінде су жеткізіп беру шығындарының үлесі өте төмен екендігін атап өтуіміз керек.

Суды арналар арқылы шаруа қожалықтарына уақытылы және толық қанды жеткізіп беру үшін тарифтік сметада толық қажетті шығындар қарастырылған.

Тарифтік смета шығынының **40 084,47 мың теңге** есебін жіктеп берейін:

I. Көксу өндірістік учаскесінің тауарларды өндіруге және қызметтер ұсынуға кеткен шығындары **32 480,97 мың теңгені** құрайды, оның ішінде:

1. Материалдық шығындар **1 873,38 мың теңге** жұмсалды, оның ішінде: **жанар–жағар майға – 1 026,08 мың теңге; қосалқы бөлшектерге – 577,4 мың теңге; электроэнергия шығындарын өтеуге – 269,9 мың теңге** жұмсалды.
2. Барлық гидротехникалық құрылғылардың сапалы және бүтін болуына, суды уақытысында және тиімді беріп отыруға персоналдың бекітілген нормативтік саны бойынша **57** адам жұмыс істеуде. Орташа айлық жалақы көлемі **51 210** теңгені құрайды. **Алматы облысында статистика есебі бойынша** орташа айлық жалақы (2017 жылғы ақпан айында) **137 331 теңгені** құрайды. Көксу өндірістік учаскесінің жылдық жалақы қоры **30 583,199 мың теңге** (Өндірістік персонал – 22 642; Әкімшілік персонал – 5 100), оның ішінде социалдық салық және төлем – **2 685,98 мың теңге** (Өндірістік персонал – 2 191,11; Әкімшілік персонал – 494,87); міндетті медициналық сақтандыру – **155,21 мың теңге** (Өндірістік персонал – 128,31; Әкімшілік персонал – 26,9) құрайды.

3. Амортизация аударымдар – **3 064,66 мың теңгені** құрайды. Оны жеке – жеке жіктеп айтқанда;
4. Су нысандардың ағымды және күрделі жөндеу – **2 218,65 мың теңгені** құрайды; **Осы сомманың ішінде:** Бөлу каналдары;
 1. «Межевой» - **1 289,14 мың теңге**
 2. «Муқыры-Тоған» - **17,28 мың теңге**
 3. «Шолак-Көмей» - **45,84 мың теңге**
 4. «Тентек-Көрей» - **89,673 мың теңге**
 5. «РЗ» - **35,04 мың теңге**
 6. «Сужіберуші 6-1» - **207,199 мың теңге**

Қалқанды 1-3мм темір қаңылтыр беттен әзірлеу – **534,48 тыс.теңге**

Басқа шығындары – **362,869 мың теңгені** құрайды, оның ішінде: автокөліктің техникалық байқауына – 19,9 мың теңге; автокөлікті міндетті түрде сақтандыруына – 84,68 мың теңге қарастырылған ; техникалық қауіпсіздік пен еңбекті қорғауға – 258,29 мың теңге

6. Басқа шығындары – **863,46 мың теңгені** құрайды, оның ішінде: Іс сапар шығындары – **18,15 мың теңге** кеңсе тауарларына – 89,99 мың теңге; бұқаралық ақпарат құралдарын жариялауға – 84,86 мың теңге; банктік қызметтерге - 168,36 мың теңге; байланыс қызметінің шығындарын өтеуге – 452,49 мың теңге тарапты ұйымдардың қызметтеріне – 88,22 мың теңге.

7. Салықтар мен алымдарға – **1 118,26 мың теңге**, оның ішіне кіретін: су ресурстарын пайдаланғаны үшін төленетін төлемақы – **962,40 мың теңге** (Алматы облыстық маслихаты бекіткен төлемақы ставкасы **0,92 тиын/текше метр**); қоршаған ортаны ластаған үшін төленетін төлемақы – **9,88 мың теңге**; мүлік, жер, көлік салықтарды өтеу үшін – **107,38 мың теңге**.

2017 жылдың бірінші қыркүйегінен бастап Бәсекелестікті қорғау комитетінің 17.07.2017 ж №40-нқ бұйрығы бойынша тарифтің шекті деңгейімен қызмет көрсетуде. Осы бұйрық негізінде 2018 жылдың 1 қыркүйегінен бастап Көксу өндірістік учаскесінің тарифі **0,605 тг/м3 ҚҚС-ыз** құрайды. Ағымдағы жөндеу жұмыстары Сырт тоған, Орта тоған, Көк тоған, Шекара, Ақша тоған арналарына және де Бөгетте жүргізіледі.

**Көксу өндірістік
учаскесінің басшысы**



Қожакапанов Н.Б.